

2020-2022 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облыстық мәслихатының 2019 жылғы 11 желтоқсандағы № 473 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 19 желтоқсанда № 6565 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 8-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 4 желтоқсандағы "2020-2022 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңына сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. 2020-2022 жылдарға арналған облыстық бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде, 2020 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

1) кірістер – 223 878 270,9 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 27 877 326,6 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 2 893 562 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 155 500 мың теңге;

трансферттер түсімі – 192 951 882,3 мың теңге;

2) шығындар – 232 433 663,3 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 29 442 901,5 мың теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 40 750 870,7 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 11 307 969,2 мың теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 37 998 293,9 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 37 998 293,9 мың теңге, оның ішінде:

қарыздар түсімі – 46 034 895 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 10 052 707,1 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 2 016 106 мың теңге.

Ескерту. 1 тармақ жаңа редакцияда – Ақтөбе облыстық мәслихатының 11.12.2020 № 575 шешімімен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).

2. 2020 жылға бөлінген салықтардан түскен жалпы соманы бөлу аудандардың және Ақтөбе қаласының бюджеттеріне мынадай мөлшерде белгіленсін:

1) төлем көзінде кірістерге салынатын жеке табыс салығы бойынша: Ақтөбе қаласы бойынша – 35 пайыз, Байғанин, Мұғалжар аудандарына – 50 пайыздан, Хромтау ауданына – 60 пайыз және Әйтеке би, Алға, Ырғыз, Қарғалы, Мәртөк, Темір, Ойыл, Қобда, Шалқар аудандарына 100 пайыздан;

2) әлеуметтік салық бойынша: Ақтөбе қаласы бойынша - 35 пайыз, Байғанин, Мұғалжар аудандарына – 50 пайыздан, Хромтау ауданына - 60 пайыз және Әйтеке би, Алға, Ырғыз, Қарғалы, Мәртөк, Темір, Ойыл, Қобда, Шалқар аудандарына 100 пайыздан;

3) ірі кәсіпкерлік субъектілерінен және мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығы бойынша Ақтөбе қаласы бойынша – 100 пайыз, Байғанин, Мұғалжар аудандарына – 50 пайыздан, Хромтау ауданына – 60 пайыз және Әйтеке би, Алға, Ырғыз, Қарғалы, Мәртөк, Темір, Ойыл, Қобда, Шалқар аудандарына 100 пайыздан;

4) төлем көзінде салық салынбайтын кірістерге жеке табыс салығы бойынша, төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы бойынша түсімдер Ақтөбе қаласы және аудандар бюджеттеріне толығымен есептеледі.

3. 2020 жылға арналған облыстық бюджетте облыстық бюджетке Мұғалжар ауданы бюджетінен бюджеттік алып қоюлардың көлемі 1 447 000 мың теңге сомасында көзделсін.

4. Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 8 сәуірдегі "2020 жылға арналған нақтыланған республикалық бюджет туралы" Жарлығының 8-тармағына сәйкес белгіленгені назарға және басшылыққа алынсын:

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап:

1) жалақының ең төменгі мөлшері – 42 500 теңге;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін, сондай-ақ айыппұл санкцияларын, салықтар және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 2 651 теңге;

3) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы – 31 183 теңге.

2020 жылғы 1 сәуірден бастап:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін, сондай-ақ айыппұл санкцияларын, салықтар және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 2 778 теңге;

2) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы – 32 668 теңге.

Ескерту. 4 тармақ жаңа редакцияда – Ақтөбе облыстық мәслихатының 05.06.2020 № 526 шешімімен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).

5. Қазақстан Республикасының "2020-2022 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңының 9 - бабына сәйкес 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап әскери қызметшілерге (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа) және арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлеріне тұрғынжайды күтіп-ұстауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге ақшалай өтемақының айлық мөлшері 3 739 теңге сомасында белгіленгені назарға және басшылыққа алынсын.

6. Қазақстан Республикасының "2020-2022 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңының 10 - бабына сәйкес 2020 жылға республикалық бюджеттен облыстық бюджетке берілетін субвенция 108 477 102 мың теңге сомасында көзделді.

7. 2020 жылға арналған облыстық бюджетте облыстық бюджеттен аудандық бюджеттерге берілетін субвенциялар көлемі 39 304 000 мың теңге сомасында көзделсін, оның ішінде:

Әйтеке би – 4 168 000мың теңге;

Алға – 4 609 000мың теңге;

Байғанин – 922 000мың теңге;

Бірғыз – 3 717 000 мың теңге;

Қарғалы – 3 074 000мың теңге;

Мәртөк – 4 780 000мың теңге;

Темір – 3 036 000мың теңге;

Ойыл – 3 865 000 мың теңге;

Қобда – 4 138 000 мың теңге;

Хромтау – 639 000 мың теңге;

Шалқар – 6 356 000 мың теңге.

8. 2020 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер түскені ескерілсін:

1) инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеуге;

2) агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялауға;

3) ауыл шаруашылығы жануарларын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға;

4) алынып тасталды - Ақтөбе облыстық мәслихатының 11.12.2020 № 575 шешімімен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі);

5) саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды организмдерге, карантинді объектілерге қарсы өңдеулер жүргізуге арналған пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) құнын субсидиялауға;

5-1) алынып тасталды - Ақтөбе облыстық мәслихатының 11.12.2020 № 575 шешімімен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі);

5-2) асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімінің сапасы мен өнімділігін арттыруды субсидиялауға;

5-3) тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялауға;

5-4) төтенше жағдай кезеңінде қоғамдық тәртіпті сақтауды күшейтілген режимде қамтамасыз еткен ішкі істер органдардың қызметкерлеріне сыйлықақы төлеуге;

5-5) COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуына байланысты қызмет атқарудың ерекше режимі кезеңіндегі жұмысы үшін ішкі істер органдарының қызметкерлеріне сыйлықақы төлеуге;

6) алынып тасталды - Ақтөбе облыстық мәслихатының 05.06.2020 № 526 шешімімен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі);

7) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге;

8) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын енгізуге;

9) үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыруға;

10) Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсартуға;

11) кохлеарлық импланттарға сөйлеу процессорларын ауыстыру және теңшеу жөніндегі көрсетілетін қызметтерге;

12) мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруға жұмыс берушінің шығындарын субсидиялауға;

13) еңбек нарығын дамытуға;

14) мемлекеттік халықты әлеуметтік қорғау ұйымдарында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін қызметкерлердің жалақысына қосымша ақы белгілеуге;

15) мектепке дейінгі мемлекеттік білім беру ұйымдары педагогтерінің еңбекақысын ұлғайтуға;

16) алынып тасталды - Ақтөбе облыстық мәслихатының 11.12.2020 № 575 шешімімен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі);

17) орта білім беру ұйымдарын жан басына шаққандағы қаржыландыруды сынақтан өткізуге;

18) мемлекеттік орта білім беру ұйымдары педагогтарының еңбекақысын ұлғайтуға;

19) мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының педагогтеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы төлеуге;

20) "Жас маман" жобасы шеңберінде колледждер үшін құрал-жабдықтар сатып алуға;

- 21) мемлекеттік техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары педагогтарының еңбекақысын ұлғайтуға;
- 22) мемлекеттік техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы төлеуге;
- 23) көпбалалы және аз қамтылған отбасылардың балалары үшін жоғары білімі бар мамандары даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға;
- 23-1) техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында білім алушыларға мемлекеттік стипендияның мөлшерін ұлғайтуға және шығыстардың осы бағыты бойынша жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен төленген сомаларды өтеуге;
- 24) медициналық ұйымның сот шешімі негізінде жүзеге асырылатын жыныстық құмарлықты төмендетуге арналған іс-шараларды жүргізуге;
- 25) қаржы лизингі шарттарында сатып алынған санитариялық көлік бойынша лизинг төлемдерін өтеуге;
- 26) вакциналарды және басқа да иммундық-биологиялық препараттарды сатып алуға;
- 27) саламатты өмір салтын насихаттауға;
- 28) ЖИТС профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыруға;
- 28-1) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға мемлекеттік стипендия мөлшерін ұлғайтуға және шығыстардың осы бағыты бойынша жергілікті бюджет қаражаты есебінен төленген сомаларды өтеуге;
- 28-2) жергілікті атқарушы органдардың денсаулық сақтау саласындағы ұйымдары қызметкерлерінің еңбекақысын арттыруға;
- 29) мәдениет ұйымдары мен мұрағат мекемелерінде ерекше еңбек жағдайлары үшін мемлекеттік мәдениет ұйымдары мен мұрағат мекемелерінің басқарушы және негізгі персоналына лауазымдық жалақыға қосымша ақы белгілеуге;
- 29-1) дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік орта және қосымша білім беру ұйымдары педагогтерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға;
- 30) "Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендерде әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыруға;
- 31) "Бизнестің жол картасы-2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін жас кәсіпкерлерге мемлекеттік гранттар беруге;
- 31-1) "Бизнестің жол картасы-2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы және Басым жобаларды кредиттеу тетігі шеңберінде кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға және кепілдік беруге;
- 31-2) Қазақстан Республикасында төтенше жағдай режимінде коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша халықтың төлемдерін өтеуге;

31-3) шағын және орта бизнес субъектілерінің салық жүктемесін төмендетуге байланысты шығыстарды өтеуге;

32) көлік инфрақұрылымының басым жобаларын қаржыландыруға;

33) халықтың әлеуметтік осал топтары және (немесе) аз қамтылған көп балалы отбасылар үшін коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін сатып алуға.

Аталған ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу облыс әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

Ескерту. 8 тармаққа өзгерістер енгізілді - Ақтөбе облыстық мәслихатының 05.06.2020 № 526 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 11.12.2020 № 575 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

9. 2020 жылға арналған облыстық бюджетке республикалық бюджеттен кредиттер түскені ескерілсін:

1) нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытуға;

2) мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға;

3) облыс орталықтарында және моноқалаларда кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге;

4) кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізуге.

Аталған кредиттердің сомаларын бөлу облыс әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

9-1. Облыстық бюджетте мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару есебінен 2020 жылға арналған несиелік тұрғын үй құрылысына қарыздар түсімі көзделсін.

Ескерту. Шешім 9-1 тармақпен толықтырылды - Ақтөбе облыстық мәслихатының 05.02.2020 № 502 шешімімен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).

9-2. Облыстық бюджетте Жұмыспен қамтудың жол картасы шеңберінде шараларды қаржыландыру үшін қарыздар түсімі көзделсін.

Аталған қарыздар түсімі сомаларын бөлу облыс әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

Ескерту. Шешім 9-2 тармақпен толықтырылды - Ақтөбе облыстық мәслихатының 31.03.2020 № 522 шешімімен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).

10. 2020 жылға арналған облыстық бюджетте Ақтөбе қаласы және аудандар бюджеттеріне ағымдағы нысаналы трансферттер және даму трансферттері көзделсін:

1) мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға;

2) мемлекеттік орта білім беру ұйымдары педагог-психологтары мен мұғалімдерінің еңбекақысын ұлғайтуға;

3) мемлекеттік мектепке дейінгі білім беру және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтарының еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға;

3-1) жалпы білім беру;

4) жұмысшы біліктіліктері бойынша техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында білім алушыларға стипендия мөлшерін ұлғайтуға;

5) орта білім беру ұйымдарын жан басына шаққандағы қаржыландыруды сынақтан өткізуге;

6) білім берудің ведомствалық бағыныстағы мемлекеттік ұйымдарының күрделі шығыстарына;

7) халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесуге;

8) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге;

8-1) әлеуметтік көмек ретінде тұрғын үй сертификаттарын беруге;

8-2) төтенше жағдай кезеңінде халықтың жекелеген санаттарын азық-түлік және тұрмыстық жиынтығымен қамтамасыз етуге;

9) коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін салуға және (немесе) қайта жаңғыртуға;

9-1) халықтың әлеуметтік осал топтары және (немесе) аз қамтылған көп балалы отбасылар үшін коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін сатып алуға;

10) инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және (немесе) жайластыруға;

11) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салуға және реконструкциялауға;

12) "Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамытуға;

12-1) мәдениет объектілерін дамыту;

13) коммуналдық шаруашылықты дамытуға;

14) жылу-энергетикалық жүйесін дамытуға;

15) ауылдық елді мекендерде сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға;

16) газ тасымалдау жүйесін дамытуға;

17) алынып тасталды - Ақтөбе облыстық мәслихатының 15.10.2020 № 562 шешімімен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі);

18) көлік инфрақұрылымын дамытуға;

19) көлік инфрақұрылымының басым жобаларын қаржыландыруға;

20) "Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендерде әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыруға;

21) Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде еңбек нарығын дамытуға бағытталған іс-шараларды іске асыруға.

Аталған трансферттер мен кредиттердің сомаларын бөлу облыс әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

Ескерту. 10 тармаққа өзгерістер енгізілді – Ақтөбе облыстық мәслихатының 26.02.2020 № 508 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 31.03.2020 № 522 (

01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 15.10.2020 № 562 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

11. Облыстың жергілікті атқарушы органының 2020 жылға арналған резерві 764 965,4 мың теңге сомасында бекітілсін.

Ескерту. 11 тармақ жаңа редакцияда – Ақтөбе облыстық мәслихатының 11.12.2020 № 575 шешімімен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).

12. 2020 жылға арналған облыстық бюджетті атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын облыстық бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) тізбесі 4-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

13. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы

Ж. Мухамбетпаизова

Облыстық мәслихаттың
хатшысы

С. Калдыгулова

Ақтөбе облыстық мәслихаттың 2019 жылғы 11 желтоқсанындағы № 473 шешіміне 1-қосымша

2020 жылға арналған облыстық бюджет

Ескерту. 1 қосымша жаңа редакцияда - Ақтөбе облыстық мәслихатының 11.12.2020 № 575 шешімімен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).

| санаты | | | | Сомасы (мың теңге) |
|-------------|----|---|---|--------------------------|
| сыныбы | | | | |
| ішкі сыныбы | | | | |
| | | АТАУЫ | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | I. Кірістер | | 223 878 270,9 |
| 1 | | Салықтық түсімдер | | 27 877 326,6 |
| | 01 | Табыс салығы | | 11 670 345 |
| | | 1 | Корпоративтік табыс салығы | 239 157 |
| | | 2 | Жеке табыс салығы | 11 431 188 |
| | 03 | Әлеуметтік салық | | 9 459 844,6 |
| | | 1 | Әлеуметтік салық | 9 459 844,6 |
| | 05 | Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар | | 6 747 137 |
| | | 3 | Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер | 6 747 137 |
| 2 | | Салықтық емес түсімдер | | 2 893 562 |

| | | |
|----|---|---------------|
| 01 | Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер | 105 539 |
| 5 | Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер | 12 700 |
| 7 | Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар | 92 839 |
| 04 | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар | 1 024 133 |
| 1 | Мұнай секторы ұйымдарынан және Жәбірленушілерге өтемақы қорына түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар | 1 024 133 |
| 06 | Басқа да салықтық емес түсімдер | 1 763 890 |
| 1 | Басқа да салықтық емес түсімдер | 1 763 890 |
| 3 | Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер | 155 500 |
| 01 | Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату | 155 500 |
| 1 | Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату | 155 500 |
| 4 | Трансферттердің түсімдері | 192 951 882,3 |
| 01 | Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер | 5 162 332,3 |
| 2 | Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерден трансферттер | 5 162 332,3 |
| 02 | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер | 187 789 550 |
| 1 | Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер | 187 789 550 |

| Функ. топ | | | | | Сомасы (мың теңге) |
|--------------|---|-----|-----|---|--------------------------|
| Кіші функция | | | | | |
| Әкімші | | | | | |
| Бағдарлама | | | | | |
| АТАУЫ | | | | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | II. Шығындар | 232 433 663,3 |
| 01 | | | | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер | 2 099 997,5 |
| | 1 | | | Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар | 1 336 480 |
| | | 110 | | Облыс мәслихатының аппараты | 46 333 |
| | | | 001 | Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 45 216 |
| | | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 1 117 |

| | | | |
|----|-----|--|---------------|
| | 120 | Облыс әкімінің аппараты | 930 094 |
| | 001 | Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 909 363 |
| | 004 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 2 437 |
| | 007 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 11 326 |
| | 009 | Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды қамтамасыз ету және өткізу | 4 937 |
| | 113 | Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер | 2 031 |
| | 263 | Облыстың ішкі саясат басқармасы | 159 870 |
| | 075 | Облыс Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету | 159 870 |
| | 282 | Облыстың тексеру комиссиясы | 200 183 |
| | 001 | Облыстың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 200 183 |
| 2 | | Қаржылық қызмет | 1 91 044,1 |
| | 257 | Облыстың қаржы басқармасы | 1 40 007,1 |
| | 001 | Жергілікті бюджетті атқару және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 139 469 |
| | 009 | Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу | 538,1 |
| | 718 | Облыстың мемлекеттік сатып алу басқармасы | 51 037 |
| | 001 | Жергілікті деңгейде мемлекеттік сатып алуды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 47 799 |
| | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 3 238 |
| 5 | | Жоспарлау және статистикалық қызмет | 1 46 283,4 |
| | 258 | Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы | 1 46 283,4 |
| | 001 | Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру мен дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 1 41 261,4 |
| | 061 | Бюджеттік инвестициялар және мемлекеттік-жекешелік әріптестік, оның ішінде концессия мәселелері жөніндегі құжаттаманы сараптау және бағалау | 5 022 |
| 9 | | Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер | 426 190 |
| | 269 | Облыстың дін істері басқармасы | 119 193 |
| | 001 | Жергілікті деңгейде дін істер саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 69 472 |
| | 005 | Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау | 49 721 |
| | 288 | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 306 997 |
| | 061 | Мемлекеттік органдардың объектілерін дамыту | 306 997 |
| 02 | | Қорғаныс | 872 905 |
| 1 | | Әскери мұқтаждар | 238 698 |
| | 120 | Облыс әкімінің аппараты | 238 698 |
| | 010 | Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар | 52 087 |
| | 011 | Аумақтық қорғанысты даярлау және облыс ауқымдағы аумақтық қорғаныс | 186 611 |

| | | | |
|----|-----|--|--------------|
| 2 | | Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру | 634 207 |
| | 120 | Облыс әкімінің аппараты | 27 728 |
| | 012 | Облыстық ауқымдағы жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру | 4 569 |
| | 014 | Облыстық ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою | 23 159 |
| | 287 | Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс саласындағы уәкілетті органдардың аумақтық органы | 476 598 |
| | 002 | Аумақтық органның және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерінің күрделі шығыстары | 473 033 |
| | 004 | Облыс ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою | 3 565 |
| | 288 | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 129 881 |
| | 010 | Жұмылдыру дайындығы және төтенше жағдайлар объектілерін дамыту | 111 000 |
| | 016 | Халықты, объектілерді және аумақтарды табиғи және дүлей зілзалалардан инженерлік қорғау жөнінде жұмыстар жүргізу | 18 881 |
| 03 | | Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі | 7 824 071 |
| | 1 | Құқық қорғау қызметі | 7 824 071 |
| | 252 | Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы | 7 824 071 |
| | 001 | Облыс аумағында қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 6 332 165 |
| | 003 | Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу | 2 130 |
| | 006 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 1 489 776 |
| 04 | | Білім беру | 54 292 936,8 |
| | 2 | Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру | 6 600 152 |
| | 261 | Облыстың білім басқармасы | 2 713 152 |
| | 003 | Арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру | 1 861 929 |
| | 006 | Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру | 851 223 |
| | 285 | Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы | 2 004 667 |
| | 006 | Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру | 1 627 262 |
| | 007 | Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттағы дарынды балаларға жалпы білім беру | 377 405 |
| | 288 | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 1 882 333 |
| | 012 | Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау | 1 882 333 |
| 4 | | Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру | 7 364 946,4 |

| | | | |
|----|-----|---|-----------------|
| | 253 | Облыстың денсаулық сақтау басқармасы | 476 531 |
| | 043 | Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау | 476 531 |
| | 261 | Облыстың білім басқармасы | 6 888 415,4 |
| | 024 | Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау | 6 888 415,4 |
| 5 | | Мамандарды қайта даярлау және біліктіліктерін арттыру | 2 096 125 |
| | 120 | Облыс әкімінің аппараты | 4 499 |
| | 019 | Сайлау процесіне қатысушыларды оқыту | 4 499 |
| | 253 | Облыстың денсаулық сақтау басқармасы | 31 392 |
| | 003 | Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау | 31 392 |
| | 261 | Облыстың білім басқармасы | 2 060 234 |
| | 052 | Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кадрлардың біліктілігін арттыру, даярлау және қайта даярлау | 2 060 234 |
| 6 | | Жоғары және жоғары оқу орнынан кейін білім беру | 274 376 |
| | 261 | Облыстың білім басқармасы | 274 376 |
| | 057 | Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету | 274 376 |
| 9 | | Білім беру саласындағы өзге де қызметтер | 37 957 337,4 |
| | 261 | Облыстың білім басқармасы | 37 957 337,4 |
| | 001 | Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 178 105 |
| | 004 | Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім беру жүйесін акпараттандыру | 5 820 |
| | 005 | Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу | 27 226 |
| | 007 | Облыстық ауқымда мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларды және конкурстар өткізу | 125 123 |
| | 011 | Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету | 531 081 |
| | 012 | Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдердің оңалту және әлеуметтік бейімдеу | 245 255 |
| | 013 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 4 659 |
| | 029 | Әдістемелік жұмыс | 135 305 |
| | 067 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 1 554 138 |
| | 113 | Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер | 35 150 625,4 |
| 05 | | Денсаулық сақтау | 11 545 618,3 |

| | | | |
|----|-----|--|----------------|
| 2 | | Халықтың денсаулығын қорғау | 4 890 602,6 |
| | 253 | Облыстың денсаулық сақтау басқармасы | 5 86 166,9 |
| | 006 | Ана мен баланы қорғау жөніндегі көрсетілетін қызметтер | 180 152 |
| | 007 | Салауатты өмір салтын насихаттау | 110 511 |
| | 041 | Облыстардың жергілікті өкілдік органдарының шешімі бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемімен қосымша қамтамасыз ету | 1 06 649,9 |
| | 042 | Медициналық ұйымның сот шешімі негізінде жүзеге асырылатын жыныстық құмарлықты төмендетуге арналған іс-шараларды жүргізу | 126 |
| | 050 | Қаржы лизингі шарттарында сатып алынған санитариялық көлік бойынша лизинг төлемдерін өтеу | 188 728 |
| | 288 | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 4 304 435,7 |
| | 038 | Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау | 4 304 435,7 |
| 3 | | Мамандандырылған медициналық көмек | 1 525 904 |
| | 253 | Облыстың денсаулық сақтау басқармасы | 1 525 904 |
| | 027 | Халыққа иммундық профилактика жүргізу үшін вакциналарды және басқа медициналық иммундық биологиялық препараттарды орталықтандырылған сатып алу және сақтау | 1 525 904 |
| 5 | | Медициналық көмектің басқа түрлері | 68 099 |
| | 253 | Облыстың денсаулық сақтау басқармасы | 68 099 |
| | 029 | Облыстық арнайы медициналық жабдықтау базалары | 68 099 |
| 9 | | Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызметтер | 5 061 012,7 |
| | 253 | Облыстың денсаулық сақтау басқармасы | 5 061 012,7 |
| | 001 | Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 110 604 |
| | 008 | Қазақстан Республикасында ЖИТС профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру | 82 178 |
| | 016 | Азаматтарды елді мекеннен тыс жерлерде емделу үшін тегін және жеңілдетілген жол жүрумен қамтамасыз ету | 24 048 |
| | 018 | Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық талдамалық қызметтер | 66 783 |
| | 023 | Ауылдық жерлерге жұмыс істеуге жіберілген медициналық және фармацевтикалық қызметкерлерді әлеуметтік қолдау | 73 654 |
| | 030 | Мемлекеттік денсаулық сақтау органдарының күрделі шығыстары | 689 |
| | 033 | Медициналық денсаулық сақтау ұйымдарының күрделі шығыстары | 4 703 056,7 |
| 06 | | Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру | 9 633 440 |
| | 1 | Әлеуметтік қамсыздандыру | 1 161 281 |

| | | | |
|----|-----|--|------------|
| | 256 | Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы | 912 146 |
| | 002 | Жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында қарттар мен мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету | 360 499 |
| | 013 | Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық аурулармен ауыратын мүгедектер үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету | 551 647 |
| | 261 | Облыстың білім басқармасы | 243 135 |
| | 015 | Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру | 243 135 |
| | 288 | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 6 000 |
| | 039 | Әлеуметтік қамтамасыз ету объектілерін салу және реконструкциялау | 6 000 |
| 2 | | Әлеуметтік көмек | 747 262 |
| | 256 | Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы | 747 262 |
| | 003 | Мүгедектерге әлеуметтік қолдау | 747 262 |
| 9 | | Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер | 7 724 897 |
| | 256 | Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы | 7 607 316 |
| | 001 | Жергілікті деңгейде жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 144 037 |
| | 007 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 4 650 |
| | 019 | Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде еңбек нарығын дамытуға бағытталған, ағымдағы іс-шараларды іске асыру | 1 959 |
| | 044 | Жергілікті деңгейде көші-қон іс-шараларын іске асыру | 3 570 |
| | 053 | Кохлеарлық импланттарға дәлдеп сөйлеу процессорларын ауыстыру және келтіру бойынша қызмет көрсету | 77 490 |
| | 067 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 9 795 |
| | 113 | Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер | 7 365 815 |
| | 263 | Облыстың ішкі саясат басқармасы | 28 117 |
| | 077 | Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту | 28 117 |
| | 270 | Облыстың еңбек инспекциясы бойынша басқармасы | 89 464 |
| | 001 | Жергілікті деңгейде еңбек қатынасын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 86 422 |
| | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 3 042 |
| 07 | | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық | 10 771 208 |
| | | | |

| | | | |
|----|-----|---|-----------------|
| 1 | | Тұрғын үй шаруашылығы | 2 904 481 |
| | 288 | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 2 904 481 |
| | 014 | Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін салуға және (немесе) реконструкциялауға берілетін нысаналы даму трансферттері | 2 904 481 |
| 2 | | Коммуналдық шаруашылық | 7 866 727 |
| | 279 | Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы | 7 866 727 |
| | 001 | Жергілікті деңгейде энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 137 826 |
| | 004 | Елді мекендерді газдандыру | 113 385 |
| | 005 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 4 104 |
| | 010 | Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері | 1 168 390 |
| | 030 | Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне елді мекендерді сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері | 4 874 608 |
| | 032 | Ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың аса маңызды топтық және жергілікті жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау | 316 558 |
| | 113 | Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер | 605 420 |
| | 114 | Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері | 646 436 |
| 08 | | Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік | 10 255 048,2 |
| | 1 | Мәдениет саласындағы қызмет | 1 757 258 |
| | 273 | Облыстың мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы | 1 723 599 |
| | 005 | Мәдени-демалыс жұмысын қолдау | 213 915 |
| | 006 | Мемлекет қайраткерлерін мәңгі есте сақтау | 43 157 |
| | 007 | Тарихи-мәдени мұраны сақтауды және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету | 609 835 |
| | 008 | Театр және музыка өнерін қолдау | 856 692 |
| | 288 | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 33 659 |
| | 027 | Мәдениет объектілерін дамыту | 33 659 |
| 2 | | Спорт | 4 761 503,8 |
| | 285 | Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы | 4 585 774,8 |
| | 001 | Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 51 646 |
| | 002 | Облыстық деңгейде спорт жарыстарын өткізу | 7 705 |
| | 003 | Әр түрлі спорт түрлері бойынша облыстың құрама командаларының мүшелерін дайындау және республикалық және халықаралық спорт жарыстарына қатысуы | 3 828 951,8 |

| | | | | |
|---|-----|-----|--|-------------|
| | | 005 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 2 218 |
| | | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 528 745 |
| | | 113 | Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер | 166 509 |
| | 288 | | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 175 729 |
| | | 024 | Спорт объектілерін дамыту | 175 729 |
| 3 | | | Ақпараттық кеңістік | 2 734 960,1 |
| | 263 | | Облыстың ішкі саясат басқармасы | 525 378 |
| | | 007 | Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер | 525 378 |
| | 264 | | Облыстың тілдерді дамыту басқармасы | 115 191 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде тілдерді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 45 714 |
| | | 002 | Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту | 69 477 |
| | 273 | | Облыстың мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы | 4 34 523,1 |
| | | 009 | Облыстық кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 2 57 665,1 |
| | | 010 | Архив қорының сақталуын қамтамасыз ету | 176 858 |
| | 743 | | Облыстың цифрлық технологиялар басқармасы | 1 659 868 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету, жобалық басқару жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 1 656 713 |
| | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 3 155 |
| 4 | | | Туризм | 9 562 |
| | 275 | | Облыстың кәсіпкерлік басқармасы | 9 562 |
| | | 009 | Туристік қызметті реттеу | 9 562 |
| 9 | | | Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер | 9 91 764,3 |
| | 263 | | Облыстың ішкі саясат басқармасы | 138 856 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде мемлекеттік ішкі саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 131 326 |
| | | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 7 530 |
| | 273 | | Облыстың мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы | 64 6 966,3 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде мәдениет және архив ісін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 78 293 |
| | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 1 235 |
| | | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 1 98 936,3 |
| | | 113 | Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер | 368 502 |
| | 283 | | Облыстың жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы | 205 942 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде жастар саясатын іске асыру жөніндегі қызметтер | 126 053 |
| | | 005 | Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру | 79 889 |

| | | | |
|----|-----|--|-----------------|
| 09 | | Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану | 2 472 460,7 |
| | 1 | Отын және энергетика | 869 977 |
| | 279 | Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы | 869 977 |
| | 081 | Елді мекендерді шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау үшін жерасты суларына іздестіру-барлау жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу | 869 977 |
| 9 | | Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану саласындағы өзге де қызметтер | 1 602 483,7 |
| | 279 | Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы | 1 602 483,7 |
| | 071 | Газ тасымалдау жүйесін дамыту | 1 602 483,7 |
| 10 | | Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары | 22 944 034,6 |
| | 1 | Ауыл шаруашылығы | 21 526 722,6 |
| | 255 | Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы | 20 439 443 |
| | 001 | Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 149 882 |
| | 002 | Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау | 312 730 |
| | 008 | Саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды организмдерге, карантинді объектілерге қарсы өңдеулер жүргізуге арналған пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) құнын субсидиялау | 401 624 |
| | 014 | Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге су жеткізу бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау | 1 060 |
| | 018 | Пестицидтерді залалсыздандыру | 378 |
| | 029 | Ауыл шаруашылық дақылдарының зиянды организмдеріне қарсы күрес жөніндегі іс- шаралар | 521 |
| | 045 | Тұқымдық және көшет отырғызылатын материалдың сорттық және себу сапаларын анықтау | 23 685 |
| | 046 | Тракторларды, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен тетіктерін мемлекеттік есепке алуға және тіркеу | 2 793 |
| | 047 | Тыңайтқыштар (органикалықтарды қоспағанда) құнын субсидиялау | 147 638 |
| | 050 | Инвестициялар салынған жағдайда агроөнеркәсіптік кешен субъектісі көтерген шығыстардың бөліктерін өтеу | 6 827 548 |
| | 053 | Мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруды, асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау | 10 952 059 |
| | 055 | Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау | 31 572 |
| | 056 | Ауыл шаруашылығы малын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау | 1 213 452 |
| | 057 | Мал шаруашылығы саласында терең қайта өңдеуден өткізілетін өнімдерді өндіру үшін ауыл шаруашылығы өнімін сатып алуға жұмсайтын өңдеуші кәсіпорындардың шығындарын субсидиялау | 337 185 |

| | | | |
|-----|-----|--|----------------|
| | 060 | Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде микрокредиттерді ішінара кепілдендіру | 37 316 |
| 288 | | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 13 316 |
